

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ ДАМУ ШАРТТАРЫ

Сарсенгалиева Гулаим Қайыргалиевна

7M01101-Педагогика және психология білім бағдарламасының I курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі жастағы баланың жеке басының дамуының шарттары қарастырылған. Баланың дамуы әлеуметтік орта әсерімен тікелей байланысты болып, ең алдымен отбасы тәрбиесі, ересектердің үлгісі, құрдастармен қарым-қатынас, іс-әрекет түрлері, моральдық нормаларды меңгеру, эмоциялық даму, қоршаған ортаны тану, тәрбие мен оқыту жүйесі және жеке тәжірибе арқылы жүзеге асады. Зерттеу мінез-құлықты өзін-өзі реттеу және құрдастармен өзара әрекеттесу сияқты психологиялық-педагогикалық аспектілерге назар аударады. Аталып өткен даму шарттары біртұтас жүйе ретінде әрекет етіп, баланың толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі бала, жеке тұлға, даму шарттары, әлеуметтік орта, мінез-құлықты өзін-өзі реттеу, эмоциялық даму, моральдық нормалар, тәрбие, құрдастармен қарым-қатынас.

Ерте сәбилік кезеңде қалыптасатын баланың жеке басының дамуы ең алдымен оның айналасындағы адамдардың ықпалына тәуелді болады [1]. Яғни, балаға әсер етудің мазмұны мен жолдары сол ортадағы ересектер арқылы айқындалады [2]. Өсе келе бала мінез-құлықтың әртүрлі формаларын және психологиялық ерекшеліктерін меңгереді, соның нәтижесінде ол адамзат қоғамының толыққанды мүшесі ретінде қалыптаса бастайды [3].

Мектепке дейінгі кезеңде балада біршама тұрақты ішкі жан дүниесі қалыптасады. Бұл әлі толық жетілмегенімен, әрі қарай дамуға қабілетті, жеке тұлға ретінде қалыптасудың бастапқы негізін құрайды [4].

Бұл жаста баланың даму жағдайлары алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда едәуір өзгеше болады. Ересектер тарапынан қойылатын талаптар да күшейе түседі [6]. Қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелерін және моральдық нормаларды сақтау – маңызды талаптардың біріне айналады.

Қоршаған ортаны тану мүмкіндіктерінің кеңеюі баланың қызығушылығын тек жақын адамдар шеңберінен шығарып, іс-әрекеттің күрделі түрлерін (оқу, еңбек) игеруіне жол ашады [7]. Ол өз құрдастарымен бірлескен әрекетке қатысып, өз іс-әрекетін басқалармен үйлестіруді үйренеді. Сонымен қатар, тек есте сақтау мен басқа психикалық процестер ғана емес, өз мінез-құлқын ұйымдастыра білу қабілетіне де жоғары талаптар қойылады. Осының барлығы баланың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Әрбір жаңа даму кезеңі тәрбиелік ықпалдардың мазмұнын өзгертіп, мүмкіндіктерін кеңейтеді. Жалпы алғанда, жеке тұлғаның даму шарттары оның даму процесімен тығыз байланысты, оларды іс жүзінде бір-бірінен ажырату мүмкін емес [8].

Баланың жеке басының дамуының екі жағы бар. Оның бірінші жағы — баланың қоршаған дүниені біртіндеп танып-біліп, өзінің ондағы орнын түсіне бастауы. Осыдан мінез-құлық мотивтерінің жаңа типтері пайда болады, соның әсерінен бала белгілі бір қылықтар көрсете бастайды. Екінші жағы — сезім мен еріктің дамуы. Олар осы мотивтердің ықпалдылығын, мінез-құлықтың тұрақтылығын және оның сыртқы жағдайлардың өзгерістеріне тәуелділігін қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың сенсорлық дамуы қарқынды жүреді. Бұл кезеңде баланың заттар мен құбылыстардың сыртқы қасиеттері мен байланыстарын, кеңістік пен уақытты бағдарлауы жетіледі.

Заттармен іс-әрекет барысында бала барған сайын олардың түсін, түрін, шамасын, салмағын, температурасын, беткі қасиеттерін және тағы басқа белгілерін дәл бағалай бастайды. Әуенді қабылдауда бала оны зейін қоя тыңдауды, дыбыстардың қатынасын жоғарылығына қарай бөлуді, ырғақтылықтың түрлерін аңғаруды үйренеді. Сөзді қабылдауында ұқсас дыбыстардың айтылуындағы аса нәзік айырмашылықтарды айыра алады. Балалардың кеңістік пен оларды бөлетін уақыт аралықтарын ажырата білуі едәуір жетіле түседі.

Мектеп жасына дейінгі баланың сенсорлық дамуының бір-бірімен байланысты екі жағы бар. Біріншісі — заттар мен құбылыстардың әртүрлі қасиеттері мен байланыстары жөніндегі түсініктерді меңгеру. Екіншісі — қоршаған ортаны толықтай және жекелей қабылдауға мүмкіндік беретін қабылдаудың жаңа әрекеттерін игеру.

Заттардың қасиеттерін бағдарлаудың дамуы. Балалық шақтың өзінде балада заттардың әртүрлі қасиеттері жөніндегі түсініктердің белгілі қоры жинақталады. Бұл түсініктердің бірқатары үлгінің орнына жүреді, қабылдау процесіндегі заттардың жаңа қасиеттерін бала осы үлгімен салыстырады.

Мектепке дейінгі балалық шақта бала өзінің сенсорлық тәжірибесін жинақтау нәтижесі болып табылатын заттық үлгілерді қолданудан көпшілік қабылдаған сенсорлық эталондарға ауысады. Сенсорлық эталондар дегеніміз — қасиеттер мен қарым-қатынастардың әр түрінің негізгі жеке түрлері жөнінде адамзатта қалыптасқан түсініктер. Бұларға түс, пішін, заттардың шамасы, олардың кеңістіктегі орны, дыбыс күші, уақыт аралықтарының ұзақтығы және тағы басқалар жатады. Ересектер балаға сурет салуға, құрастыруға көмектескенде, олар негізгі пішіндер мен түстерді атай отырып үйретеді.

Баланың іс-әрекет үстінде пайда болатын және өзіне қарата айтылатын сөзі эгоцентрлік сөйлеу деп аталады. Мектепке дейінгі жас кезінде эгоцентрлік сөйлеу өзгеріп отырады. Бұл уақытта баланың не істеп жатқанын ғана емес, оны іс жүзінде алдын ала ескертуші және бағыттаушы сөздер пайда болады. Мұндай сөздер баланың іс жүзіндегі мінез-құлқынан озық жүретін бейнелі ойдың көрінісі болып табылады. 5–6 жасқа қарай бұл сөйлеу біртіндеп ішкі сөйлеуге ауыса бастайды.

Балалардың жеке тұлғалық дамуына ересектердің ықпалының негізгі жолы – олардың қоғамдағы мінез-құлықты реттейтін моральдық нормаларды меңгеруін ұйымдастыру. Бала бұл нормаларды мінез-құлық ережелері мен үлгілері арқылы игереді. Мұндай үлгілердің ең бастысы – ересектердің өздері, олардың іс-әрекеті мен өзара қарым-қатынасы.

Балаға әсіресе оның айналасындағы жақын адамдардың мінез-құлқы үлкен әсер етеді. Ол оларға еліктейді, үлгі алады, олардың адамдарға, оқиғаларға және заттарға берген бағасынан тәлім алады. Сонымен қатар, бала ересектер өмірімен әртүрлі жолдар арқылы танысады: олардың еңбегін бақылау, әңгімелер мен ертегілерді тыңдау арқылы.

Балалар үшін құрметке ие, сүйіспеншілікке бөленген адамдар үлгі болып табылады. Құрдастар арасында кең таралған әрекеттер де балаға әсер етеді. Сондай-ақ, көркем шығармалардағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері де мінез-құлық үлгісі ретінде маңызды рөл атқарады.

Мектепке дейінгі жастағы балалар мінез-құлық үлгілеріне ерекше назар аударады. Олар ертегі немесе әңгіме тыңдағанда, кейіпкерлердің қайсысы жақсы, қайсысы жаман екенін анықтауға тырысады және бұл мәселеде екіұштылықты қабылдамайды.

Ересектер балаларға мінез-құлық ережелерін үйретеді. Бұл ережелер баланың күнделікті әрекеттерін қалыптастырып, жағымды дағдылардың дамуына ықпал етеді. Талап қою және әрекеттерін бағалау арқылы ересектер балалардың ережелерді орындауын қамтамасыз етеді.

Біртіндеп балалар өз әрекеттерін айналасындағылардың күткен талаптарына сәйкес бағалай бастайды. Олар тәртіп, гигиена, ойыншықтарды дұрыс пайдалану сияқты қарапайым ережелерді меңгереді.

Жас ұлғайған сайын құрдастарымен қарым-қатынас ережелерін игеру маңызды бола түседі. Балалар өзара әрекет барысында бір-бірінің құқықтары мен мүдделерін ескеруді үйренеді. Бұл

дағдылар тәжірибе арқылы, яғни ережелердің сақталуы мен бұзылуы жағдайларында қалыптасады.

Мектепке дейінгі кезеңде балалардың ережелерді орындауға деген қатынасы өзгереді. Алғашында олар ережелерді әдет ретінде орындаса, кейін оның мәнін түсініп, саналы түрде ұстануға көшеді. Сонымен қатар, өзге балалардың да ережелерді сақтауын бақылауға тырысады.

Мінез-құлық үлгілері мен ережелерін меңгеруде мақтаныш пен ұят сезімдерінің маңызы зор. Бұл сезімдер баланың өз әрекетін ересектердің бағасы мен күтуіне сәйкестендіруіне ықпал етеді.

Бала тек ересектер мақұлдаған әрекеттер үшін ғана емес, өз бойындағы жағымды қасиеттері үшін де мақтаныш сезімін бастан кешіреді. Ол өзін дұрыс үлгілермен салыстырып, соларға ұқсауға ұмтылады.

Ал ұят сезімі бала ережелерді бұзғанда немесе өзіне қойылған үмітті ақтамағанда пайда болады. Бұл сезім оның мінез-құлқын реттеп, жағымсыз әрекеттерден (қорқақтық, дөрекілік, әділетсіздік және т.б.) аулақ болуына ықпал етеді.

Мінез-құлықты өзін-өзі реттеу — дамудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады және ерте балалық кезеңде орта есеппен жақсарады. Дегенмен, мінез-құлықты өзін-өзі реттеудің бастапқы даму жолдары әр балада әртүрлі болады.

Бұл зерттеу мектепке дейінгі және дайындық сыныптарындағы балалардың мінез-құлықты өзін-өзі реттеу траекторияларын қарастырады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жас балалардағы құрдастармен қатынастар — қабылдану, әлеуметтік белсенділік, виктимизация және конфликт — осы траекторияларды болжаушы фактор болып табылады.

Зерттеу барысында 443 бала бақыланды (47,9% қыздар, орташа жас = 4,08 жыл). Өсу аралас моделін қолдану нәтижесінде бес түрлі траектория анықталды: күшті бастапқы деңгейі бар және өсуі минималды, күшті бастапқы деңгейі бар және өсуі тұрақты, орташа бастапқы деңгейі бар және өсуі тұрақты, әлсіз бастапқы деңгейі бар және тез өсу, әлсіз бастапқы деңгейі бар және өсуі минималды.

Бастапқыда құрдастар тарапынан қабылдану, виктимизация және конфликт әр траектория бойынша әртүрлі болды. Бұл траекториялар өз кезегінде мектепке дейінгі сыныптағы құрдастармен қатынасты — қабылдану, әлеуметтік белсенділік, виктимизация және конфликт — болжады.

Құрдастар тарапынан көбірек қабылданған және аз конфликт көрсеткен балалар, тұрақты күшті мінез-құлық өзін-өзі реттеу траекториясын көрсету ықтималдығы жоғары болды. Керісінше, виктимизацияға жиі ұшыраған балалар, баяу жақсару траекториясын көрсетті.

Мектепке дейінгі сыныптың көктемінде мінез-құлықты өзін-өзі реттеу көрсеткіштері жақсарған балалар құрдастар тарапынан көбірек қабылданған. Тұрақты күшті немесе жақсарып келе жатқан балалар әлеуметтік белсенді болды, ал тұрақты әлсіз мінез-құлық өзін-өзі реттеу көрсеткен балалар виктимизация мен конфликтілерге жиі ұшырады.

Бұл нәтижелер ерте мектеп жасындағы балалардағы мінез-құлықты өзін-өзі реттеуді және құрдастармен қатынасты қолдауда маңызды болып табылады[9].

Кесте-1. Мектепке дейінгі баланың жеке басының даму шарттары

№	Даму шарттары	Мазмұны	Бала дамуына әсері
1	Отбасы тәрбиесі	Ата-ананың қарым-қатынасы, махаббаты, талап қоюы, үлгі көрсетуі	Балада сенімділік, қауіпсіздік сезімі, алғашқы мінез-құлық нормалары қалыптасады
2	Ересектердің үлгісі	Үлкендердің іс-әрекеті, қарым-қатынасы, мінез-құлқы	Бала еліктеу арқылы әлеуметтік мінез-құлықты меңгереді

3	Қарым-қатынас ортасы	Құрдастармен және ересектермен өзара әрекет	Әлеуметтік дағдылар, тілдік және коммуникативтік қабілеттер дамиды
4	Іс-әрекет түрлері	Ойын, оқу, еңбек элементтері	Танымдық процестер, қиял, ерік, жауапкершілік қалыптасады
5	Моральдық нормаларды меңгеру	Мінез-құлық ережелері, әдеп нормалары	Жақсы мен жаманды ажырату, өзін-өзі реттеу қабілеті дамиды
6	Эмоциялық даму	Мақтаныш, ұят, қуаныш, реніш сезімдері	Ішкі реттеу механизмдері, өзін бағалау қалыптасады
7	Қоршаған ортаны тану	Табиғат, қоғам, адамдар туралы білім	Дүниетаным кеңейеді, қызығушылық артады
8	Тәрбие мен оқыту жүйесі	Балабақшадағы ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс	Жүйелі білім, дағды және тәртіп қалыптасады
9	Жеке тәжірибе	Баланың өз әрекеті, қателіктері мен жетістіктері	Дербестік, жауапкершілік, өзіндік бағалау дамиды

Жоғарыда ұсынылған кестеде мектепке дейінгі жастағы баланың жеке басының дамуына әсер ететін негізгі шарттар жүйеленіп көрсетілген. Бұл факторлар өзара тығыз байланыста жүзеге асып, баланың тұлғалық қалыптасуын кешенді түрде қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, отбасы тәрбиесі мен ересектердің үлгісі баланың алғашқы әлеуметтік тәжірибесін қалыптастырып, мінез-құлық нормаларын меңгеруіне негіз болады. Қарым-қатынас ортасы мен іс-әрекет түрлері арқылы бала әлеуметтік дағдыларды игеріп, өз әрекетін реттеуді үйренеді.

Сонымен қатар, моральдық нормаларды меңгеру мен эмоциялық даму баланың ішкі реттелу механизмдерін қалыптастырып, өзін-өзі бағалауына ықпал етеді. Қоршаған ортаны тану процесі баланың дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қызығушылығын арттырады.

Тәрбие мен оқыту жүйесі бұл процестерді мақсатты түрде ұйымдастырып, баланың білім, білік және дағдыларын жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал жеке тәжірибе баланың дербестігін, жауапкершілігін және өзіндік «Мен» бейнесін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Осылайша, аталған даму шарттары біртұтас жүйе ретінде әрекет етіп, мектепке дейінгі кезеңде баланың толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – Москва: Издательство «Смысл», 2005.
2. Эльконин Д.Б. Психология игры. – Москва: Владос, 1999.
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – Санкт-Петербург:

Питер, 2008.

4. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития. – Москва: Академия,

2012.

5. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва: Политиздат, 1977.
6. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – Москва: Интеллект-Центр, 2004.
7. Абрамова Г.С. Возрастная психология. – Москва: Академический проект, 2010.
8. Қалиев С., Сарыбаев Ш. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 2004.
9. Берк Н., Бренна Р.Л. Затто, Венди Л.Г. Хоглунд Модели развития поведенческой

саморегуляции и взаимоотношений со сверстниками в раннем детстве <https://doi.org/10.1016/j.ecresq.2023.06.001>